

Тақырып 6. Ақша сұранысы және ұсынысы

- 1. Ақша функциясы. Ақша агрегаттары**
- 2. Ақша сұранысының классикалық және кейнстік теориясы. Ақша тепе-теңдігі.**
- 3. Ақша теориясының сандық теңдеуі. Фишер теңдеуі, пайыз түрлері**
- 4. Ақша ұсынысының үлгісі. Ақша мультипликаторы**
- 5. Монетарлық саясаттың құралдары**

Алғашында айналыстағы ақша қызметін екі монета: **алтын** және **күміс** атқарған.

Монометаллизм жағдайында ақша қызметін тек бір монета – **алтын** орындаған.

1929-1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыстың орын алуы монометаллизм кезеңінің аяқталу дәуірімен байланысты болды.

Ақша қызметтері

- **Құн өлшеу қызметі** – ақша арқылы тарауарлар құны көрінеді.
- **Айналыс құралы** – тауарларды алып-сату үрдісіне қатысады.
- **Төлем құралы** – тауарларды несиеге сату, сатып алуда, салықтарды төлеуде, жалақы төлемінде және т.б. қызметтерде қолданылады.
- **Қор жинау құралы**- ақша түрлі тауарларды сату-сатып алудан қалған бөлігі жинақталады. Ол әртүрлі тауар түрінде көрінеді.

Ақшаның қолма-қол түрінде жинақталуы **тезаврация** деп аталады. Ақшаның мұндай түрде сақталуы оның құнын төмендетеді.

- **Әлемдік ақшалар** – халықаралық экономикалық қатынастарда халықаралық төлем құралы қызметін атқарады.

Айналысқа шығарылатын, эмиссияланатын ақша түрлеріне:

- **қолма- қол ақша**, яғни айналымдағы банкноттар және ұсақ тиындар;
- **банктік айналымдағы ақша түрі**, яғни банктегі шоттарға жазылған сома.
- **чектік және несиелік карточкалар**.

Экономистер ақшаның орнына «ақша массасы» терминін қолданады, оның **өлшемі ретінде** ақша агрегаттары қолданылады:

M1, M2, M3,L

Ақша массасы дегеніміз қолма-қол және айналыстағы ақша құралдары жиынтығы. Ақша массасы ақша агрегаттарынан тұрады.

Оларға:

- **M1**- айналыстағы қолма- қол ақша (банкноттар, тиындар) және банктік ағымдағы шоттардағы қаражат (депозиттер).
- **M2**= M1 + мерзімді 4-жылға дейінгі коммерциялық банктердегі мерзімді және жинақ салымдары.
- **M3**= M2 + арнаулы несие мекемелеріндегі жинақ салымдары.
- **L**= M3 + ірі коммерциялық депозиттік сертификаттар.

Банк пайызы дегеніміз **атаулы** (номиналды) **пайыз** мөлшерлемесі (**i**).

Егер **нақты пайыз** (**r**) мөлшерлемесі өссе, онда ақшаның тұтыну құнының көтерілуін көрсетеді.

$$r = i - \pi$$

π —инфляция қарқыны

Нақты пайыз (**r**) мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесі мен инфляция қарқынының айырмасына тең.

Осы формула инфляция қарқынының төменгі қарқынында ғана қолданылады.

Басқа жағдайларда, яғни қарқын жоғарылағанда төменгі формула қолданылады.

$$r' = \frac{i - \pi}{1 + \pi},$$

$$MV=PQ$$

Фишер теңдеуіне нақты пайыз мөлшерлемесі мен инфляция қарқыны әсер етеді.

M- айналымдағы ақша көлемі;

V- ақша айналымының жылдамдығы;

P- баға деңгейі;

Q- өнім шығару көлемі.

Ақшаның сандық заңына сәйкес ақша массасының 1 % өсуі **инфляция қарқынын 1 % жоғарылатады.**

Яғни, инфляция қарқынының **1 % өсуі**
атаулы пайыз мөлшерлемесін
1 % жоғарылатады.

Осындай атаулы пайыз мөлшерлемесі
мен инфляция қарқынының
өзара байланысын
Фишер әсері деп атайды.

Ақша сұранысы үлгісі

Ақша сұранысын талқылағанда 2 тұжырымға сүйенеді.

- Монетарлық (Q t)
- Кейнстік (%).

Классиктер ақша сұранысын
Фишер теңдеуі арқылы түсіндіреді:

$$MV=PQ$$

Классикалық теория ақша сұранысын **табыспен**, ал кейінгі кәрісінше **пайыз мөлшерлемесімен** байланыстырады.

Инфляция факторын жою үшін **нақты ақшаға сұраныс** көрсеткішін пайдаланады $(M/P)^d$,

ал сұраныс функциясында атаулы пайыз мөлшерлемесі (r) пайдаланылады.

$$(M/P)^d = f(Q, r)$$

Классикалық үлгі бойынша - (M/P)^d

ақшаның екі түрлі қызметінен туындайды. :

1. Айналыс

2. Жинақтау құралдарынан

Айналыс құралы ретінде **ақша - сатып алу және сатумен** байланысты, яғни **транзакционды сұраныстың*** орын алуы.


Жинақтау құралы ретінде **ақша түрлі қаржылық активтерді сатып алумен (акция, облигация)** байланысты.

***Трансакционды сұраныс** дегеніміз ақшаны қолма-қол түрде немесе коммерц. банктердің (т.б. қаржылық мекемелерде) ағымдағы есептік шоттарында сақталуы.

Мұндай шаралар **жоспарланған немесе жоспарланбаған операцияларды жүзеге асыру үшін қажет.**

Ақшаға сұраныс жалпы қоғамның табысымен анықталады және ЖҰӨ-ң атаулы көрсеткішіне тура пропорционалды.

Егер қаржы активтерін сатып алу мақсатымен (дивидент, табыс алу) ақшаға сұраныс болса, онда сұраныс көлемі пайыз мөлшерінің деңгейіне **кері пропорционалды** болады.



Ақшаға сұранысты *ақшаның сандық*
заңымен қарастыратын болсақ, онда:

Осы заңға сәйкес Фишер теңдеуінің негізі
жылдамдықпен байланыстырылады.

$$MV=PQ,$$

$$V= PQ/M,$$

$$M = PQ / V,$$

Айналыстағы ақша массасы -
НОМИНАЛДЫ ТАБЫСТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҚҚА
ҚАТЫНАСЫНА ТЕҢ.

Егер **M** ақша массасын **D** сұраныс параметріне ауыстырсақ, онда:

$$Dm = PQ / V$$

арқылы ақшаға сұраныс шығады.

Осыдан **ақшаға сұраныс көлемі келесі факторларға** байланысты болады:

- 1. Абсолютті баға деңгейіне,** яғни баға өскен сайын, ақшаға сұраныс та көтеріледі;
- 2. Нақты өндіріс деңгейіне байланысты,** яғни өндіріс өскен сайын халықтың табысы да жоғарылайды. Нәтижесінде (M/P) сұраныс көтеріледі.
- 3. Ақшаның жылдамдығына байланысты,** яғни жылдамдыққа әсер ететін барлық факторлар ақша сұранысына да әсер етеді.

Кейнстік үлгі бойынша ақшаға сұраныс:

Дж.М.Кейнс үлгісінде халықтың өз ақшаларын сақтауы немесе банктерге салуы **ақшаның өтімділік қасиетімен** байланыстырады.

M1 түріндегі ақшаның **өтімділігі абсолютті жоғары актив** ретінде қарастырады.

Дж.М.Кейнстің ақшаға сұраныс теориясын **ақшаның өтімділік теориясымен** зерттейді.

Кейнс үлгісіндегі ақша қаражатының бір бөлігін сақтауға 3 себеп әсер етеді.

Оларды ақшаның сандық теориясымен байланыстырады.

Сандық теория тұрғысынан ақшаға сұраныс **үш себепке негізделеді.**

- 1. Транзакциялық себебі** бойынша адамдар мен фирмалар ақшаны төлем құралы ретінде қажет етеді.
- 2. Сақтық себебі** бойынша. Ол адамдарда көзделмеген төлемдерге кез болғанда пайда болады. Бұл үшін оларда белгілі бір ақша қоры болуы керек.
- 3. Тиімсіздік себебі** бойынша. Ақша қорының табыс әкелмеуімен байланысты.

Боумоль-Тобин үлгісі -

ақшаға сұраныс үлгісі болып табылады.

Үлгіде субъектілердің қолма-қол ақша қаражаттарының көлемін **банк пайыздары** мен **банкке бару шығындарын** қарастырады.

Ақшаға сұраныс үлгісін АҚШ экономистері

У. Баумоль және **Дж. Тобин** зерттеген.

Ақша нарығындағы тепе- теңдік





Рис. 3.2. Кривые спроса и предложения денег

Ақша нарығындағы тепе- теңдік



Мұндағы **Е** нүктесі **M1** түріндегі халықтың сақтағысы келетін ақша массасы және Ұлттық банктің ұсынатын ақша көлемі **тепе-теңдікті** қалыптасырып отыр.

Ақша ұсынысының үлгісі

Ақша ұсынысы екі қосындыдан тұрады:

1. Банк жүйесінен тыс қолма-қол ақша (**C**);
2. Экономикалық агенттер қажет кезде мәміле жасау үшін қолданатын депозиттер (**D**):

$$M^S = C + D$$

Ақша мультипликаторы

Несие мультипликаторы – коммерциялық банктер жүйесі шеңберіндегі төлем құралдарының эмиссиялық үрдісі.

Қосымша ақша ұсынысының жалпы түрі **жаңа депозит пайда болуының нәтижесінде** туындайды.

$$m = \frac{1}{rr} = \frac{\text{Депозит } D}{\text{Резерв } R}$$

- R-резервінің нормасы
- D – алғашқы салым
- $\frac{1}{rr}$ - банк мультипликаторы немесе депозиттік мультипликатор.

Ақша базасы дегеніміз Ұлттық банкте сақталатын коммерциялық банктердің резервтері және банктен тыс жүрген қолма-қол ақшалар.

$$MB = C + R$$

C – қолма-қол ақша

R – резервтер.

Ақша мультипликаторы (m) -

ақша ұсынысының ақша базасына қатынасы.

$$m = M^S / MB \rightarrow M^S = m MB$$

Ақша мультипликаторын қолма-қол ақша депозиттерінің (**cr**) депозит коэффициенттеріне және резерв депозитіне (**rr**) қатынасымен анықталады.

$$m = M^S / MB = C+D / C+R$$

Ақша мультипликаторы – ағымдағы ақша массасының базалық жылдағы салынған салымдармен салыстырғандағы өсуімін көрсететін коэффициент.

Ақша мультипликаторы – ақша базасы 1 бірлікке өскенде, ақша ұсынысының қалай өзгертіндігін көрсетеді.

Ақша мультипликаторы мөлшері міндетті резервтеу нормасына және қолма-қол ақша үлесінің салмағына байланысты.

Монетарлы саясаттың құралдары

- 1. Несие беру шегі, пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу**
- 2. Міндетті резервтер мөлшерінің өзгерісі – комм. банктердің Ұлттық банкке ақшаның бір бөлігін сақтауы (нормасы 10,5 %). Міндетті резервтердің өсуі ақша ұсынысын көбейтуге әкеледі.**

3. Есептеу мөлшерлемесінің өзгерісі

(рефинансирование, учетная ставка). **Қайта қаржыландыру** мөлшері- коммерциялық банктер үшін Ұлттық банктің беретін пайыз мөлшерінің өзгерісі.

4. **Ашық нарықтағы операциялар** – екінші реттегі нарықта бағалы қағаздарды сату мен сатып алу. **Негізгі мәні** ақша эмиссиясын тоқтату.

Қ/қағаздарды сатып алу арқылы комм. банктердің резервтері өседі.

Нәтижесінде ақша пайызы өседі де, несие беру жоғарылайды.

Егер банктедің **міндетті резерв нормалары**
өссе, онда ақша мультипликаторы
төмендейді де ақша массасы қысқарады.

Дәріс соңы

Сау болыңыздар!

РАХМЕТ!